Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 512 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 29 қаңтарда № 9106 тіркелді

Мектеп директоры А.К.Башенов

Бақылау жасайтын пәндері:

Міндеттері:

1. Білім мекемесіне жалпы басшылық жасайды, ұжымдағы өз қызмет бабына сай барлық бағыттағы жұмыстарды ұйымдастырады, бақылайды.
2. Білім мекемесіндегі штаттағы және штаттан тыс қызметкерлерге басшылық жасайды, педкадрларды іріктейді, жұмысқа қосады: ҚР «Еңбек туралы», «Білім» Заңына, ішкі еңбек тәртібінің ережелеріне, қызметтік және мамандық сипаттамаларына сәйкес оқу орны қызметкерлерінің міндеттерін белгілейді. Мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік деңгейін, педагогикалық шеберлігін және кәсіби біліктілігін көтеруге жағдай жасайды. «Тіл заңының» орындалуын қатаң бақылауға алады.
3. Оқушылардың сабақтағы және сабақтан тыс кездегі іс-әрекетінің дұрыс ұйымдастырылуына, қызметкерлердің еңбегінің өнімдігіне, шығармашылық қабілеттерінің өсуіне, педагогикалық эксперименттерін жүргізуге керекті жағдайлар жасайды.
4. Педагогикалық қызметте ерекше шеберлігімен көзге түскен мектеп мұғалімдерін наградаларға ұсынады, марапаттайды.
5. Мектептің педагогикалық кеңесін, мектеп кеңесін, директор жанындағы кеңесті басқарады: ата-аналар алқасының, мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктерінің қызметін бақылайды; оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарына көмек көрсетеді.
6. Оқу орнын қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты мәселелерін шешеді, мектептің оқу материалдық базасын нығайту, есепке алуды, бюджеттен және басқа қор көздерінен түсетін қаражатты үнемдеп пайдалануды қамтамасыз етеді. Заңға сәйкес мектептің өз меншігіндегі мүлік пен қаржыға иелік етеді.
7. Басқа да оқу орындарымен, мемлекеттік мекемелермен, қоғамдық ұйымдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен шығармашылық байланысты қамтамасыз етеді.
8. Жалпыға бірдей оқу заңының орындалуын бақылайды.
9. Құжаттардың дұрыс жүргізілуін, мұқият сақталуын, есепке алынуын бақылау: өтініштер мен арыз-шағымдардың уақытында қаралуын, оқу орны қызметкерлері мен оқушылардың құқығын сақталуын, санитарлық-гигиеналық талапты, еңбек заңдылықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.
10. Мектептің, өзінің атқарған жұмысы туралы облыстық, қалалық білім басқармасының алдында есеп береді. Қоғамдық ұйымдар алдында мектептің өкілі болып табылады.
11. Оқу – тәрбие ісінің тақырыптық жоспарларын, сабақ, емтихан кестелерін, ғылыми-әдістемелік бірлестіктер жоспарын бекітіп, қадағалайды. Педагогикалық ұжымның жоспарын жасауға қатысып, орындалуын қадағалайды.

Құқығы

1. Мектеп қызметкерлеріне орындалуға тиісті бұйрықтар беруге;
2. Заңда көрсетілгендей өзінің қызметтес орынбасарларын, бас есепшісін, белгілі бір саладағы көмекшілерін, оқытушыларды, кіші қызметкерлерді қызметке алуға, қызметінен босатуға.
3. Оқу орнының құрылысын, оның штаттық кестесін бекітуге, қызметкерлердің жүктемелері мен олардың еңбектеріне төленетін жалақы мөлшерін белгілеуге.
4. Мектеп қызметкерлерінің міндеттерін белгілеуге
5. Еңбектегі жоғары дәрежелі шығармашылығы мен өндірістік жетістіктерді бағалап үстеме ақы төлеуді, еңбек жалақысы қорының есебінен төлеуді белгілеуге.
6. Бірнеше қызметті қатарынан жүргізілген, қызмет көрсету аймағын ұлғайтқан немесе еңбекке уақытша жарамсыз адамдардың орнына еңбек еткен адамға қосымша ақы төлеуді ұйымдастыруға
7. Қызметкерлерге берілетін марапаттау сыйлығының көлемін анықтау, оның еңбектің сапасы мен нәтижесіне орай мадақтау қорының есебінен жүргізуге.
8. Оқу орнының кейбір бөліктерін, құрылыс орнын, құрал-жабдықтарды белгіленген тәртіп бойынша есептен шығаруға.

9. Мектептегі кез-келген сабаққа, тәрбие іс-шараларына қатысуға (аса қажеттілік болмаса, сабақ басталып кеткеннен кейін кіруге және педагогқа сабақ үстінде ескерту айтуға құқығы жоқ)
10. Қажетті жағдайларда сабақ кестесіне уақытша өзгертулер енгізуге, сабақты тоқтатуға, бірге сабақ өткізу үшін топтар мен сыныптарды уақытша біріктіруге.
11. Өзінің өкілеттілігін ұсынуға және сенімхаттар беруге
Жұмыс уақыты 8⁰⁰-18⁰⁰ дейін
Демалыс күні сенбі, жексенбі.
Түскі үзілісі - 13⁰⁰- 14⁰⁰

**2. Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары: О.С.Мырзакуловтың
Бақылау жасайтын пәндері: Бастауыш сыныптағы негізгі пәндері**

Міндеттері:

1. педагогикалық ұжымның ағымды және келешекті жоспарлауын ұйымдастырады;
2. Кезеңдегі оқу-тәрбие процесін ұйымдастырады;
3. Мұғалімдердің оқу жоспары мен бағдарламасының орындалуын қадағалап, керекті оқу-әдістемелік құжаттарын дайындайды;
4. Білім саласындағы нормативтік құқықтық құжаттарды жүйелеп жинақтап, орындалуын қадағалайды;
5. Оқушылардың оқу жүктемесін анықтап, бақылайды;
6. Сабақ кестесін және басқа да оқу түрлерінің кестесін түзеді;
7. Тікелей сабақ кестесіне жауап береді;
8. Мұғалімдердің күнделікті сабақ жоспарларын тексереді;
9. Қалалық білім бөліміне керекті құжаттардың есебін дер кезінде өткізілуіне жауапты;
10. Білім процесіндегі өзгертулерге ұсыныс жасайды;
11. Оқу бөлмелерінің заман талабына сайлығын, көрнекі-құрал түрлерінің және техникалық құралдардың дұрыс болуын қадағалайды;
12. Азаматтық қорғаныс жұмыстарын ұйымдастырады және бақылайды
13. Білім беру процесінің сапасына бақылау жасайды;
14. Математика, жараталыстану, дүниетану пәндерін қадағалайды және таңдау пәндерін қадағалайды.
15. Педагогикалық кеңеске материалдар дайындайды;
16. Өз жұмысы туралы педагогикалық ұжым, қалалық білім бөлімі, ата-аналар алдында есеп береді;
17. Мектептің жылдық оқу-тәрбие жоспарын жасауға қатысады;
18. Барлық орынбасарлардың атқарған жұмыстарының есеп мәліметтерін жинақтап мектеп директорына тапсырады.
19. Директор жоқ кезінде орын ауыстырады.
20. Мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысын төмендегі бағдарламалар мен арнайы курстар бойынша ұйымдастырады және жүргізеді.
21. Мектептің білім тұжырымдамасы мен даму бағдарламасын өңдеудегі жұмыстарын ұйымдастырады.
22. Мектептің экспериментальды бағыттамасы үшін жауапты. Оқушылардың білім сапасы және оқу процесін бақылау жасауды жүзеге асыру.
23. Аттестациялық комиссия төрағасының орынбасары.
24. Аттестациялау материалдарын дайындайды.
25. Факультативтік сабақтардың өткізілуі
26. Қала және облыс, мектеп көлемінде педагогтар мен жоғары сыныптықтар үшін білім беру процесіне жаңа технологияларды енгізу бойынша оқытып үйрету мен бейімдеу семинарларын ұйымдастыру және өткізу.
27. Мұғалімдерді пәндер мен жаңа технологиялар бойынша байқауларға қатыстыру.
28. ҚББД, мектепке көрсеткіш анализдерімен әдістемелік жұмыс пен экспериментальдық жұмыс бойынша байқауларға қатыстыру.
29. Оқу процесінің диагностикасын жүзеге асырады.

30. Озат тәжірибе мектебінің жұмысы үшін жауапты.
31. Дарынды балалармен жұмыс ұйымдастырады. («Парасат» ғылыми қоғамы, KFA)
32. ББЖМ дайындау және өткізуін бақылайды.
33. 1-4 сынып бағдарламасы бойынша тесттерді (ББЖМ) дайындап, өткізілуіне жауап береді.
34. Таңдау курстарының бағдарламасын ұйымдастырады.
35. Мектеп ғылыми - әдістемелік кеңесінің жұмысын ұйымдастырушысы.
36. Әдістемелік бірлестіктер жұмысына жетекшілік етіп, оқу жоспарларын жасайды.
37. Алдыңғы қатарлы озық педагогикалық тәжірибені жинақтау, тарату, семинарлар өткізуді ұйымдастыру.
38. Педагогтардың біліктілігін көтеру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.
39. Мектептегі ғылыми-практикалық конференцияға дайындық жұмысына және оны өткізуге жауапты.
40. Пәндер бойынша оқушылар олимпиадасына жетекшілік жасайды.
41. Пән мұғалімдерінің қалалық олимпиадаларына қатысуына жауап береді.
42. Мұғалімдердің шығармашылық жұмысының, кәсіби өсуінің диагностикасын шығарады.
43. Ақпараттық технологиялар, «On-line» режиміндегі сабақтарға жауапты.
44. PISA, TIMSS халықаралық салыстырмалы зерттеулер жүргізуіне басшылық жасайды.
45. Жас мамандар мен тәлімгерлердің жұмысын ұйымдастырады.
46. Педагогикалық кеңеске материалдар дайындайды;
47. Өз жұмысы туралы педагогикалық ұжым, қалалық білім бөлімі, ата-аналар алдында есеп береді;
48. Мектептің жылдық оқу-тәрбие жоспарын жасауға қатысады;
49. Атқарған жұмыстардың есеп мәліметін, директордың оқу жұмыстары жөніндегі орынбасарына тапсырады.

Құқығы

1. Мұғалімдердің кез келген сабағына қатысуға (аса қажеттілік болмаса, сабақ басталып кеткен кейін кіруге және педагогқа сабақ үстінде ескерту айтуға құқығы жоқ).
 2. Оқу процесіне кедергі келтірген оқушыларды мектеп жарғысында белгіленген тәртіптік жауапкершілікке тартуға.
 3. Қажетті жағдайларда сабақ кестесіне уақытша өзгертулер енгізуге, сабақты тоқтатуға, бірге сабақ өткізу үшін топтар мен кластарды уақытша біріктіруге,
 4. Мұғалімдермен керекті құжаттар мен мәліметтерді, түсініктемелерді талап етуге құқылы.
 5. Басқаруға және бақылау жасауға,
 6. Өзінің қарамағындағыларға орындалуға міндетті бұйрықтар беруге,
 7. Педагогикалық үрдісті талдауға және бақылауға, басқарудың әдіс-тәсілдерін пайдалануға,
 8. Жұмыс кестесі 08⁰⁰- 18⁰⁰
- Демалыс күні : сенбі жексенбі. Түскі үзілісі - 13⁰⁰- 14⁰⁰

4. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары: М.Г.Абдукадирова **Бақылау жасайтын пәндері: музыка, еңбек, дене шынықтыру**

Міндеттері:

1. Мектепте сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие жұмыстарының өз деңгейінде жүргізілуіне жауап береді;
2. Оқушылардың сабаққа қатысу журналын жүргізеді, күнделікті сабаққа қатысу барысын тексереді, бұл туралы гимназия әкімшілігіне есеп беріп отырады;
3. І ауысым оқушылары мен мұғалімдердің кезекшілігін ұйымдастырады;
4. Мектеп тәрбие жұмысын ұйымдастырады, оқушылардың қоғамдық пайдалы жұмысын ұйымдастыруды жүзеге асырады;
5. Сынып жетекшілерінің семинарын жүйелі түрде өткізіп отырады;

6. 1-4 сыныптарда тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастырады;
7. Сыныптан тыс тәрбиелік жұмыстың ұйымдастырылуына әдістемелік көмек, сынып жетекшілердің жұмысын ұйымдастыру.
8. Мектепте оқушылардың кезекшілігін ұйымдастыру.
9. Қиын, жас өспірімдермен және олардың жанұяларымен жұмыс және бақылау.
10. Үйірмелердің жұмысына басшылық жасайды және бақылайды;
11. Апта сайын сап түзеу өткізуді жүзеге асырады;
12. Мерекелік кештер бойынша сыныптан тыс жұмысты ұйымдастырады;
13. «Тіл туралы» Заңның орындалуына бақылау жасайды;
14. Оқушылардың өзін-өзі басақару жұмысына жетекшілік жасайды;
15. Мектеп қабырға газетінің мазмұнына жауап береді, ай сайын шығып тұруына басшылық жасайды;
16. Саяхат және өлке тану жұмысын ұйымдастырады;
17. Оқушылардың өнерпаздығын бақылауды ұйымдастырады, қалалық көрмелерге қатыстырады.
18. Оқушылардың жазғы демалысын және лагерін ұйымдастырады;
19. Оқушылар арасында еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өмір қауіпсіздігі мен жолда жүру ережелерінің орындалуы бойынша жұмыс жүргізеді;
20. Социологтармен бірлесе жұмыс жасап, олардың жұмыстарын қадағалайды;
21. Балалар ұжымымен түрлі сыныптан тыс жұмыстардың ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді;
 - a. Туризм.
 - b. Театр.
 - c. Экологиялық саясаттар.
 - d. Ашық тәрбие сағаттары.
 - e. Конференциялар, т.б.
22. Ата-аналар жиналысының іс-қағаздарын дайындайды;
23. Ата-аналармен жұмыс түрлерін ұйымдастырады;
24. Мектептен тыс тәрбие мекемелермен шығармашылық байланыс орнатады;
25. Тәрбие сағаттарына қатысады, талдайды, мониторинг жүйесімен зерттеу жүргізеді;
26. Мектептің ішкі тазалық жұмыстарын ұйымдастырады, мектеп дәрігерлік пунктінің жұмысына жауап береді, «Салауатты өмір салты» бойынша түрлі жұмыстар ұйымдастырады. СПИД-ті болдырмау, нашақорлыққа қарсы күрес акцияларын өткізеді;
27. Қыздар арасындағы жұмыс түрлерін ұйымдастырады;
28. Педагогикалық кеңеске материалдар дайындайды;
29. Өз жұмысы туралы педагогикалық ұжым, қалалық білім бөлімі, ата-аналар алдында есеп береді;
30. Мектептің жылдық оқу-тәрбие жоспарын жасауға қатысады;
31. Атқарған жұмыстардың есеп мәліметін, директордың оқу жұмыстары жөніндегі орынбасарына тапсырады.
32. Мектепте сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие жұмыстарының өз деңгейінде жүргізілуіне жауап береді;
33. Оқушылардың сабаққа қатысу журналын жүргізеді, күнделікті сабаққа қатысу барысын тексереді, бұл туралы гимназия әкімшілігіне есеп беріп отырады;
34. II ауысым оқушылары мен мұғалімдердің кезекшілігін ұйымдастырады;
35. Мектеп тәрбие жұмысын ұйымдастырады, оқушылардың қоғамдық пайдалы жұмысын ұйымдастыруды жүзеге асырады;
36. Сынып жетекшілерінің семинарын жүйелі түрде өткізіп отырады;
37. 1-4 сыныптарда тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастырады;
38. Қиын, жас өспірімдермен және олардың жанұяларымен жұмыс және бақылау.
39. Апта сайын сап түзеу өткізуді жүзеге асырады;
40. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастырады және есебін тапсырады;
41. Балаларды әлеуметтік қорғау жұмысын ұйымдастырады;

42. Социологтармен бірлесе жұмыс жасап , олардың жұмыстарын қадағалайды;
43. Ата-аналар жиналысының іс-қағаздарын дайындайды;
44. Ата-аналармен жұмыс түрлерін ұйымдастырады;
45. «Сенім» телефонына жауапты;
46. "Жас қырандар" ұйымымен жұмыс жүргізілуін бақылайды;
47. Мектептен тыс тәрбие мекемелермен шығармашылық байланыс орнатады;
48. Тәрбие сағаттарына қатысады, талдайды, мониторинг жүйесімен зерттеу жүргізеді;
49. Жасөспірімдер арасындағы қылмысты болдырмау шараларын қарастырады, кешкі мезгілдерде, сенбі, жексенбі, мереке күндері көпшілік орындарға рейдтер ұйымдастырады;
50. Алыстан қатынап оқитын оқушыларға тасымалдануына басшылық жасайды;
51. Технология, өнер, ДШ, ән-күй пәндерін қадағалайды.
52. Оқушылардың мамандық таңдауына бағыт бағдар береді;
53. Кәсіптік мамандықтарды насихаттайтын үгіт бұрышын жабдықтайды;
54. Техника қауіпсіздігінің сақталуына басшылық пен бақылау;
55. Терроризм және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-шараларын жүргізу;
56. Педагогикалық кеңеске материалдар дайындайды;
57. Өз жұмысы туралы педагогикалық ұжым, қалалық білім бөлімі, ата-аналар алдында есеп береді;
58. Мектептің жылдық оқу-тәрбие жоспарын жасауға қатысады;
59. Атқарған жұмыстардың есеп мәліметін, директордың оқу жұмыстары жөніндегі орынбасарына тапсырады.

Құқығы

1. Өз қарамағындағы қызметкерлердің жұмысын тексеруге, тәрбиелік іс-шараларға қатысуға (іс-шара үстінде ескерту жасауға құқығы жоқ), орындалуға тиісті бұйрықтар беруге.
2. Тәрбие жұмысынан кедергі келтірген оқушыларды мектеп Жарғысында белгіленген жауапкершілікке тартуға.
3. Үйірме жұмыстарының, спорт секцияларына кестесіне қажет болған жағдайда өзгерістер енгізуге, тоқтатуға.
4. Қызметкерлерден жұмысқа керекті құжаттарды, мәліметтерді, түсініктемелерді талап етуге құқылы.

Жұмыс уақыты: 7.30⁰⁰-18⁰⁰ дейін демалыс күні сенбі, жексенбі Үзіліс 13⁰⁰-14⁰⁰

1. Психолог: Туғанбаева П.Ө

Лауазымдық міндеттері:

Тәрбие және білім беру жұмысына, психикалық ден саулығына және оқушының жеке басының дамуын қамтамасыз ету бағытын ұйымдастырады;

1. Баланың білім алуға дайындығына психология-педагогикалық диагностика жүргізеді.
2. Жоспарлауды және жеке оқушының жеке басының ерекшелік, жас аралығын ескере отырып үйлестіру оқу іс-әрекет бағдарламасын дайындайды.
3. Кәсіби бағыттағы жұмысты, оқушының кәсіпті таңдауын жете түсінуіне мүмкіндік туғызуын орындайды.
4. Педагогикалық ұжымға, ата-аналарға психологиялық білімін қолдану тәжірибесінің мәселесі бойынша ақыл-кеңес береді.
5. Инклюзивті оқыту .
6. Оқыту және тәрбиелеу процесінде оқушыларды психологиялық және әлеуметтік сәттілігін сақтауға бағытталған кәсіби іс-әрекетті жүзеге асырау.
7. Оқушының жеке басының дамуына кедергі келтіретін факторларды айқындайды және оны болдырмас үшін алдын – ала әр түрлі психологиялық көмектерді жүргізу.
8. Бала құқығы туралы Қ.Р. Конституция заңдылықтарына сай , оқушылардың құқығын қорғауға ықпал ету.

9. Психопрофилактикалық және психодиагностикалық жұмыстар жүргізу.
10. Оқушыларға туындаған мәселелер бойынша түзету-дамыту және жеке кеңес беру , топтық кеңес беру жұмыстарын жүргізу.
11. Үйде оқытылатын оқушылармен түзету –дамыту жұмыстарын жүргізу.
12. Мектепшілік бақылауға алынған оқушылармен жұмыс.
13. Ата-аналарға және мектеп ұжымымен психологиялық ағарту жұмыстарын жүргізу
14. ББЖМ бойынша оқушылармен психологиялық дайындық жұмыстары.
15. Инклюзивті оқыту бойынша оқушылармен , ата-аналармен , мұғалімдермен жұмыс.

Жұмыс уақыты: 9⁰⁰-17⁰⁰
демалыс күні, сенбі, жексенбі Үзіліс 13⁰⁰-14⁰⁰

9. Кадрлар бөлімінің меңгерушісі: Тайбекова М.С.

1. мектепке мұғалімдер, кіші персоналдық қызметкерлерді қабылдау, жұмыстан босату туралы бұйрықтарды дайындау;
2. мұғалімдермен, кіші персоналдық қызметкерлермен келісім шарт жасау;
3. мұғалімдермен, кіші персоналдық қызметкерлермен жеке іс қағаздарын жүргізу;
4. еңбек демалыстарына жіберу, кесте және бұйрықтар дайындау;
5. мұғалімдер мен кіші персоналдық қызметкерлеріне берілетін алғыстар мен сөгістерге тіркеу жүргізу;
6. мұғалімдердің, кіші персонал қызметкерлердің түсініктемелерін тіркеу;
7. аттестациядан өткені туралы куәліктерді тіркеу;
8. мұғалімдер мен қызметкерлерге тіркеу жүргізу;
9. мұғалімдерді курсқа , оқуға жіберу туралы құжаттарды тіркеу;
10. мектеп кіші персонал қызметкерлердің жұмыс уақытысына бақылау жүргізу;
11. Шымкент қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі және қалалық білім беру бөлімімен келешекте жұмыспен қамту мәселесі бойынша тығыз байланыс жүргізу.

Жұмыс уақыты: 9⁰⁰-18⁰⁰ Үзіліс 13⁰⁰-14⁰⁰
демалыс күні : сенбі , жексенбі

10.Шаруашылық ісі жөніндегі директордың орынбасары: Лауазымдық міндеті: Б.Ж.Кукумов

1. экономикалық – қаржылық шаруашылық жұмысына басшылық пен жауапкершілік ;
2. кіші қызметкерлердің жұмысына басшылық пен бақылау ;
3. коммуналдық қызмет көрсететін кәсіпорындармен байланыс ;
4. техника , өрт қауіпсіздігіне жауапкершілік ;
5. демеушілермен байланыс;
6. лаборант , кіші қызметкерлердің жұмыс графигін жасау , табель жүргізу , олардың міндеттерін атқаруды орындауды бақылау;
7. мектеп жабдықтарының, мектеп учаскесінің аумағының тазалығын сақталуын қамтамасыз ету, олардың техникалық жағдайы мен бүтіндігін бақылау;
8. мектептің санитарлық , өрт қауіпсіздік және авариялы жағдайына энергия ресурстары мен коммуналдық қызметін үнемдеуге жеке жауапкершілік;
9. мектептегі ағымдағы , күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу, жаңа оқу жылына дайындау;
10. мектеп учаскесінің аумағының тазалығын бақылау;
11. мектеп учаскесінің шекарасының бүтіндігін үнемі бақылау;
12. өзінің қызметінің міндеттері бойынша бұйрықтар дайындау.
13. Мектеп мүліктерін сақтау.

14. Мектепті жылу жүйесімен, жарықпен, таза сумен қамтамасыз ету.
15. Сынып бөлмелерінде оқушылардың білім алуына жағдай жасау.
16. Мектепте еңбекті - істеу және техника қауіпсіздігі қағидаларына амал қылуға № 241

Жұмыс уақыты:

9⁰⁰-18⁰⁰

Үзіліс 13⁰⁰-14⁰⁰

демалыс күні : сенбі , жексенбі

12.Білім беру ұйымдарындағы барлық мамандық мұғалімдері

Лауазымдық міндеттері.

- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес оқытатын пән ерекшелігін ескере отырып оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырады.
- Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін ашуға және дамытуға, тұлғаның әлеметтенуі мен жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.
- Оқытудың әр түрлі нысандарын, тәсілдерін, әдістерін қолданады. Пәннің күнделікті сабақ жоспарларын құрады.
- Оқыту процесіне инновациялық, ақпараттық технологияларды ендіруді қамтамасыз етеді.
- Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді мемлекеттік білім беру стандартында қарастырылған білім, білік және дағдылармен қамтамасыз етеді.
- Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және дайындауға қатысады, оны оқу жоспары мен оқу үрдісі кестесіне сәйкес іске асырылуын қамтамасыз етеді.
- Әдістемелік бірлестіктердің және әдістемелік басқа да іс-шараларға қатысады.
- Кәсіби біліктілігін жүйелі арттыруды жүзеге асырады.
- Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін, мүдделері мен икемділіктерін, олардың отбасылық, тұрмыстық жағдайларын зерделейді.
- Кәсіби біліктілігін жүйелі арттырады. Әдістемелік бірлестіктердің және әдістемелік басқа да іс-шараларға қатысады.
- Білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз етеді.
- Ата-аналармен, немесе оларды алмастырушылармен байланыс жасайды.
- Сабаққа қатысу, оқыту тәртібін сақтайды.
- Құрал-жабдықтарды пайдалануда қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтайды.
- Оқыту үрдісінде балалардың денсаулығы мен өмірлерін сақтау үшін қажетті жағдай жасайды.
- Іс-әрекетті есепке алуды және қажетті дайындықты қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасы **Конституциясын**, Қазақстан Республикасының **Еңбек кодексін**, **«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы»** Қазақстан Республикасының кодексін, Қазақстан Республикасының **«Білім беру туралы»**, **«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы»**, **«Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы»**, **«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы»**, **«Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы»**, **«Арнайы әлеуметтік қызмет туралы»**, **«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы»**, **»Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы»** заңдары және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, пәнді оқытудың, тәрбие жұмыстарының әдістемесін, пән кабинеттері мен қосалқы орынжайларды құрал-

жабдықтармен қамтамасыз ету талаптарын, оқыту тәсілдері мен оның дидактикалық мүмкіндіктерін, педагогика ғылымы мен білім берудің негізгі даму бағыттары мен перспективасын айқындайтын басқа да құқықтық нормативтік актілерді, еңбекті ғылыми ұйымдастыру мен құқық негіздерін, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, педагогика, психология, педагогика ғылымы мен практика жетістіктерін, еңбек туралы заңнама, қаржылық-шаруашылық қызмет негіздерін, еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғаныс, қауіпсіздік техникасы нормалары мен ережелерін, санитариялық нормалар мен қағидаларды

13. Білім беру ұйымының зертханашысы

(информатика кабинеттері)

Лауазымдық міндеттері: Мұғалімдерге сабақтардың, сыныптан тыс сабақтарды жүргізуге көмектеседі. Күн сайын сабақтың басталу уақытына дейін оқушылардың жұмыс орнын, газдың және судың, электр жүйелері мен электр құрал-жабдықтарының жай-күйін тексереді, анықталған кемшіліктер немесе жөнделмеген ақаулар туралы мұғалімге баяндайды. Зертхананың жұмыс істеуін, мүлкінің сақталуын, оқу және зертхана кабинеттерінің тазалығы мен тәртібін, жанатын, улы заттарды, зертханалық жабдықтарды оқу процесінде пайдалану және сақтау кезінде қауіпсіздік техникасы ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Кабинетте зертханалық жабдықтардың барлық түрлерін пайдалану дағдыларын меңгереді, жарақаттанушыға дәрігерге дейінгі көмекті көрсетеді, өртке қарсы жұмыс жүргізеді, өртке қарсы пайдаланылатын құралдар мен мүліктердің жай-күйіне және сақталуына, желдетпе жүйесінің, газбен жабдыкталудың жай-күйіне бақылауды жүзеге асырады. Зертханалық және практикалық жұмыс жүргізудің қауіпсіздік техникасының сақталуын қамтамасыз етеді. Эксперименттерді орындау барысында дайындық және көмекші операцияларды, бақылауды, өлшемдер нәтижелерін, жұмыс журналдарын толтыруды, талдаулар, зерттеулерді әдістемелік құжаттарына сәйкес жүйелейді және ресімдейді.

Информатика кабинетінің зертханашысы: сынып жұмысы басталғанға дейін сабақ өткізу үшін компьютерлік жабдықтарды дайындайды, оны бірінші тексеруді және пайдалануды жүзеге асырады, аяқталған соң жүйе жұмысының дұрыс аяқталуын және компьютерді өшіруді жүргізеді. Компьютер залдарында жұмыс тәртібінің орындалуына бақылау жасайды. Оқу кезінде, сондай-ақ өзіндік жұмыс жасау кезінде компьютерлік вирустарды тасымалдағыштарды сканерлеуді жүргізеді, тасымалдағыштар мен локальді желілер арасындағы ақпарат алмасу жұмыстарын орындайды. Жоспарлы, күнделікті, апталық, жартыжылдық профилактикалық жұмыстарға қатысады. Компьютерлік жабдықтардың дұрыстығын бақылайды, оны тазартуды жүзеге асырады. Регламентке сәйкес жұмыс журналдарын жүргізеді. Пайдаланушыларға жүйеге ену кілт сөзі, оқытушылар берген оқу материалдарын орналастыру, бар инструментарияларды пайдалану бойынша кеңестер береді. Жүйедегі жұмыс дұрыс жүргізілмеген жағдайда компьютерлердің істен шығуын тіркейді және басшылыққа хабарлайды. Оқу процесін ұйымдастыруға байланысты әртүрлі есепті және графикалық жұмыстарды орындайды. Информатика мұғалімінің жеке қызметтік тапсырмаларын орындайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «**Білім туралы**», «**Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы**», «**Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы**», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары және басқа білім беру мәселесі жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, тестілеу сынақтарын тексеру әдістерін, педагогика мен психология негіздерін, пән бойынша негізгі оқу-бағдарламалық құжаттарды, зертханалық және практикалық жұмыстарды жүргізудің техникасын, дәрігерге дейінгі көмек көрсетуді, еңбек туралы заңнамаларды, қауіпсіздік техникасын, еңбекті қорғау және өртке қарсы ережелерді, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Ішкі тәртіп ережесі.

I. Жалпы ережелер

1. Шымкент қаласы **ЖШС «ADANмектебі»** ішкі тәртіп Ережесі (ары қарай Ереже) Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасы азаматтық кодексі, ҚР «Білім туралы», «Неке және отбасы туралы», «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Заңдары мен басқада заңдылықтары және 2014 жылғы 31 қаңтарда қабылданған **ЖШС «ADANмектебі»** Жарғысы талаптарына сәйкес жасалынған.
2. Ереже **ЖШС «ADANмектебіде»** жүзеге асырылатын білім мен тәрбие беру процесі барысында мектеп басшылығы мен оқытушыларының, мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарының Қазақстан Республикасының жоғарыда көрсетілген Заңдары мен басқада заңдылықтары талаптарына сәйкес мектеп ішіндегі тәртіпке қатысты міндеттерін айқындайды және ол міндеттерінің орындалу жолдарын белгілейді.
3. Осы Ереже **ЖШС «ADAN мектебі»** оқушыларының сыныптық жиналыстарында, сыныптық ата-аналар жиналыстарында, мектеп мұғалімдері жиналысында алдын-ала талқыланып, тиісті өзгерістермен толықтырулар енгізіліп, мекеменің педагогикалық кеңесімен жалпы мектептік ата-аналар комитетінің және кәсіподақ комитетінің бірлескен отырысының шешімімен бекітілгендіктен, Ереже талаптары мектеп басшылығы мен мұғалімдері, мектеп оқушылары мен олардың ата-аналары үшін орындалуға міндетті болып табылады.
4. Мектеп басшылығы мен мұғалімдері, оқушылар мен ата-аналары тарапынан Ереженің қандайда болсын талаптарының бұзылуы жоғарыда келтірілген Қазақстан Республикасының Заңдары мен заңдылықтары талаптарын бұзу болып табылады және заң бұзушылық ретінде шара қолдану үшін тиісті құзырлы мемлекеттік органдар қарауына ұсынылатын болады.
5. Осы Ереже **ЖШС «ADANмектебі»** жаңа ішкі тәртіп ережесі қабылданғанға дейін күшінде болады.

II. Мектеп басшылығы мен мұғалімдердің міндеттері.

1. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім мен тәрбие алу үшін қажетті жағдайлар жасауға;
2. Жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамытуға, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыруға, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байытуға;
3. Азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, Халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеуге ;
4. Белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеуге, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыруға;
5. Отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ ұлты мен республиканың басқа да ұлттарының тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеуге, мемлекеттік тілді, басқа да тілдерді меңгеруге бейімдеуге;
6. Тиісті білім беру деңгейіндегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары сақталған кезде педогогтік қызметті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін таңдауға , білім беру ұйымдарын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
7. Өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;

8. Білім беру ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдерін орындауға;
9. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетіген білім беру қызметтерінің сапасын көтеруге;
10. Білім алушыларды жоғары имандылық, ата-аналарына, этно-мәдени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге;
11. Білім алушылардың өмірлік дағдыларын, біліктіліктерін, өздігінен жұмыс істеу және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ;
12. Педагогтік әдеп нормаларын сақтауға;
13. Оқушылардың және олардың ата-аналарының абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
14. Мектептің ішкі тәртіп ережесі талаптарыны мүлтіксіз орындауға және оқушылар мен ата-аналардан ішкі тәртіп ережесі талаптарының орындалуын талап етуге;
15. Мұғалім мен білім алушының ата-аналары арасындағы ынтымақтастықты педагогикалық талаптарға сәйкес қалыптастыруға және жүзеге асыруға;
16. Мектепте іскерлік киім үлгісін ұстануға;
17. Мектепке аса құнды әшекей заттар мен бұйымдарды (сақина, сырға, білезік, моншақ т.б.) әкелмеуге және пайдаланбауға ;
18. Мектепке нашарлық тұрғыдағы заттарды (темекі, насыбай, есірткі заттар, т.б.) әкелмеуге, пайдаланбауға, өзге азаматтарға соның ішінде тәрбие алушыларға насихаттамауға;
19. Мектептің ішінде ұлт аралық, рулық, жершілдік мәселелерді қозғамауға;
20. Мектепке діни тұрғыдағы заттар мен бұйымдарды (крест, тәспі, айшық, діни әдебиеттер, аудио және бейне таспалар және т.б.) әкелмеуге және діни тұрғыдағы киімдерді (хиджаб, некап, паранжа, ряса, митра, ермолка, т.б.) кимеуге, пайдаланбауға, басқа адамдарға, соның ішінде тәрбие алушыларға насихаттамауға;
21. Мектеп оқушыларның күнделіті сабаққа қатысуын бақылауға;
22. Мінезі ауыр оқушылармен тұрақты жеке жұмыстарды ұйымдастыруға міндетті.

III. Ата-аналар міндеттері.

1. Балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуға, азаматтық тұрғыда қалыптасуын қамтамасыз етуге, білімі мен тәрбие сапасын жақсартуға үлес қосуға, баланың сабақтан тыс мезгілдегі тәртібін жеке жауапкершілікке алуға;
2. Өздерінің қабілеттері және қаржылық мүмкіндіктері шегінде баланың дамуы үшін қажетті өмір сүру жағдайын қамтамасыз етуге негізгі жауапкершілікті алуға (***Бала құқықтары туралы Конвенциясының 27-бабының 2-тармақшасы***);
3. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы әрі міндеті екенін мойындауға; (***Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабының 2-тармақшасы***);
4. «Баланы тәрбиелеуге , оны күтіп-бағуды жүзеге асыруға, материалдық жағынан қолдауға, оның әл-ауқатына қамқорлық жасауға, тұрғын үй мен қамтамасыз етуге » (***Қазақстан Республикасы «Баланың құқықтары туралы» Заңының 24-бабының 2-тармақшасы***);
5. Балаға алкогольді ішімдіктерді, темекіні және темекі бұйымдарын сатуға және пайдалануға тыйым салуға; (***Қазақстан Республикасы «Балалар құқықтары туралы» Заңының 37-бабының 2-тармақшасы***);
6. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде білім беру ұйымдарына жәрдем көрсетуге, балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге; (***Қазақстан Республикасы «Білім туралы » Заңының 49-бабының 3-тармақшасы***);
7. Балаларының білім беру ұйымдарында белгіленген киім үлгісін сақтауына; (***Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 47-бабы 15-1 тармақшасы***);
8. Мектептен тыс уақытта баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыруға. Күнделікті сабақтан кешіктірмей, толық қатыстыруға, сондай-ақ кешкі уақытта қараусыз қалдырмауға;

9. Сабақ уақытында ұялы телефон, смартфон, планшет ұстатпауға;
10. Күзгі, қысқы, көктемгі, жазғы демалыс күндерінде, мектептен тыс уақыттағы жол және өмір қауіпсіздігінің жауапкершілігін, тәртібін күнделікті қадағалауды өз қарауына алуға, балаға толық жауапкершілікті өз мойнына алуға;
11. Баланың мектептен тыс мезгілде бейәдеп, теріс қылықтарына, өмірінің қауіпсіздігіне жеке жауапты екендігін сезінуге;
12. Осы аталған мәселелер орындалмаған жағдайда ата-аналық жауапкершілігіне және ата-аналық міндетіне лайық еместігін сезінуге;
13. Баланың кешкі сағат **22:00** ден кейін ойын-сауық орталықтарына, сағат **23:00**-ден кейін үй ауласынан тыс жерге қараусыз жібермеуге;
14. Баланың көлік жүргізуіне тыйым салуға. Баланың өз бетімен балық аулауына, су жағасына, орман алаңына баруына тыйым салуға, өмір қауіпсіздігін сақтауға;
15. Отбасындағы ұл-қыздың тәрбиесіне, жыныстық тәрбиесіне (әсіресе қыз бала тәрбиесіне) қатты көңіл бөлуге;
16. Балаларының мектепте нашақорлық тұрғыдағы заттарды (темекі, насыбай, есірткі заттар) әкелуіне, пайдалануына, өзге азаматтарға, оның ішінде тәрбие алушыларға насихаттауына жол бермеуге;
17. Балаларының мектепке өткір, үшкір, суық қаруларды (пышақ, қанжар, костет т.б) ату құралдарын (мылтық, пистолет, газбаллондар, электрошокер т.б) әкелуіне және пайдалануына жол бермеуге;
18. Балаларының мектеп ішінде ұлт-аралық, рулық, жершілдік мәселелерді қозғауына, өзгелерді кемсітуіне жол бермеуге;
19. Балаларының мектепке аса құнды әшекей заттар мен бұйымдарды (сақина, сырға, білезік, моншақ т.б) әкелуіне және пайдалануына жол бермеуге;
20. Балаларының мектепке діни тұрғыдағы заттар мен бұйымдарды (крест, тәспі, айшық, діни әдебиеттер, аудио және бейне таспалар т.б) және киімдерді (хиджаб, некап, паранжа, ряса, митра, ермолка т.б) әкелуіне, пайдалануына, басқа адамдарға, соның ішінде тәрбие алушыларға насихаттауына жол бермеуге міндетті.

IV. Мектеп оқушыларының міндеттері.

1. Әр оқушы өз бойына Қазақстан Республикасының жас азаматының жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға;
2. Сабаққа кешікпеуге, сабақтан себепсіз қалмауға;
3. Мектеп формасын сақтауға, сабаққа қажетті оқу-құралдарды толық әкелуге;
4. Өз ауысымының басталуына **15 минут** қалғанда мектепте болуға;
5. Өрт қауіпсіздігі, жол ережелері және өмір қауіпсіздігін сақтауға;
6. Табиғатқа нұқсан келтірмей, қамқор болуға;
7. Мектептің күнделікті ішкі тәртіп ережесін бұзбауға;
8. Мектеп мүлкін бұзбауға;
9. Сыныптастарына, жасы кішілерге күш қолданбауға, әлімжеттілік жасауға, адамның ар-намысын қорламауға;
10. Кешкі сағат **22:00** ден кейін ойын-сауық орталықтарына, сағат **23:00**-ден кейін үй ауласынан тыс жерге қараусыз бармауға;
11. Өзінің Қазақстан Республикасында тыйым салынған діндер мен діни ағымдар өкілдерімен кездесуіне, сұхбат құруына, үгіт-насихат кітаптарымен парақшаларын алуына, оқуына және таратуына қатаң тыйым салуға;
12. Мектепке смартфон, айфон, планшет және ғаламтор желісіне шығатын тағыда басқа байланыс құралдарын әкелмеуге;
13. Мектепке нашақорлық тұрғыдағы заттарды (темекі, насыбай, есірткі заттар) әкелмеуге, пайдаланбауға;
14. Мектепке өткір, үшкір, суық қаруларды (пышақ, қанжар, костет т.б) ату құралдарын (мылтық, пистолет, газбаллондар, электрошокер т.б) әкелмеуге және пайдаланбауға;
15. Мектептің ішінде ұлтаралық, рулық, жершілдік мәселелерді қозғамауға, өзгені кемсітпеуге;

16. Мектепке аса құнды әшекей заттар мен бұйымдарды (сақина, сырға, білезік, моншақ т.б) әкелмеуге және пайдаланбауға;
17. Мектепке діни тұрғыдағы заттар мен бұйымдарды (крест, тәспі, айшық, діни әдебиеттер, аудио және бейне таспалар т.б) және киімдерді (хиджаб, некап, паранжа, ряса, митра, ермолка т.б) әкелмеуге, пайдаланбауға, басқа адамдарға, соның ішінде тәрбие алушыларға насихаттамауға ;
18. Мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағынуға міндетті.

Мектеп оқушылары үшін мектеп формасына қойылатын талаптар

1. Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді.
2. Ұлдардың мектеп формасы:
пиджак, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде (ашық көк түсті) (қысқы мезгілде: жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрсын.
3. Қыздардың мектеп формасы:
пиджак, сарафан, классикалық мерекелік және күнделікті (ашық көк түсті) жейде (қысқы уақытта: сарафан, водолазка). Қыздарға арналған сарафан еркін тігілген және ұзындығы бойынша тізеден 5 см төмен түсіп тұру керек.
4. Ұлдардың мерекелік формасы күнделікті формаға қосымша ақ жейдеден, қыздар үшін ақ түсті блузкадан құралады.
5. Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық шалбар, куртка, футболка), спорттық аяқ киімнен (крассовка, кеды) тұрсын.
6. Мектеп формасына классикалық пішіндегі мектеп формасының негізгі түсіне сәйкес галстук тағылады.
7. Мектеп формасына түрлі конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға тыйым салынсын. Мектепте қаз келген діни конфессияға қатынасын білдіретін діни киімдерді (хиджаб, никаб, бурка, паранжа, сикх тюрбандары және иудей кипа-бас киімдері және т.б) және кез келген діни атрибутикаларды (белгілерді) киюге тыйым салынады.
8. Мектеп формасына мектептің ерекшелік белгілерін (белгілер, тігіспелер және т.б.) салынсын және олар киімнің немесе аксессуардың (пиджак, сарафан) жоғарғы бөлігінде орналастырылсын.
9. Мектеп формасына қойылатын талаптар бойынша жарақаттайтын фурнитурасы бар киім мен аксессуарлар киюге тыйым салынады.
10. Мектеп формасын енгізу барысында мата құрамына назар аударылсын.
11. Мектеп формасының матасы ретінде қасиеттері жақсартылған жартылай жүн және мақта, киіске төзімді, антибактериалдық, антимикробтық және антистатикалық қасиеттері бар маталар қолданылады.
12. Мектеп формасының түсі ретінде қара-көкшіл түс таңдалсын.
13. Мектеп формасына өзгерістер енгізу туралы шешім ата-аналар кеңесімен келісу арқылы қабылданады.
14. Ата-аналарға және өзге заңды өкілдерге оқушылардың мектепте белгіленген мектеп формасын киюіне жауапкершілік жүктеледі..

«Мектеп мұғалімдерінің формасы

1. Мектеп мұғалімдерінің қызметтік этикасы мен эстетикасын, педагогикалық мәдениетін және бірыңғай іскерлік формасын сақтау тиіс
2. Ер мұғалімдер (мерекелік күндері - қара (сұр) түсті) костюм шалбар, ақшыл көйлек және галстук. (денешынықтыру пәні мұғалімдері спорттық киім)
3. Әйел мұғалімдер (мерекелік күндері - сұр (қара) түсті) костюм юбка, жағалы ақшыл көйлек.

Жоспарды түзген, ДОІЖО:  О.С.Мырзакулов